


# РЕЗИНОВЫЕ И ПЛАСТМАССОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ ЯНВАРЬ-ОКТАБРЬ 2023



**367,7**  
МЛРД ТГ



- Производство резиновых изделий
- Производство пластмассовых плит, листов, труб и профилей
- Производство пластмассовых упаковок для товаров
- Производство строительных пластмассовых изделий
- Производство прочих пластмассовых изделий



**105,5%**  
ИФО

**\$276,9**  
МЛН



**ЭКСПОРТ**

Импорт 81%  
отп 19%

**\$2 325** МЛН


**РЫНОК**

**\$1 876,6**  
МЛН



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-сентябрь 2023 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД ТЕНГЕ**

## 2023 жылғы қаңтар-қазандағы резеңке және пластмасса өнімі

Резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісінің көлемі 2023 ж. қаңтар-қазанда **367,7 млрд теңгені** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезең көрсеткішінен **10,9%** жоғары.

Резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісінде талдау жүргізілген кезеңде негізгі үлесті пластмасса тақтайлар, табақтар, құбырлар және профильдер – **43,1%**, құрылыс пластик бұйымдар – **19,8%**, басқа да пластик бұйымдар – **15,7%**, тауарларға арналған пластмасса қаптамалар – **15%**, резеңке бұйымдар – **6,3%** құрады.

**Физикалық көлем индексі** талдау жүргізілген **105,5%** құрады. Заттай көріністе ең жоғары өндіріс көлемін тұрмыстық заттар, асхана, ас үй, туалет және басқа да пластмассадан жасалған заттар (+0,7%); полиэтиленнен жасалған қаптар мен сөмкелер (конустыларды қоса алғанда) (+1,6%); пластмассадан жасалған құбырлар, шлангтар және олардың фитингтері (+4,2%) өндірісі көрсетті. Осы тауарлардың өсуі тұтынушылық сұраныстың артуына байланысты.

Резеңке және пластмасса өнімінің экспорты құндық көріністе 2023 ж. қаңтар-қыркүйекте 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **2,2 есе** өсті және **276,9 млн АҚШ долл.** құрады.

Резеңке және пластмасса тауарлардың негізгі көлемі **Ресей (79,3%)**, **Қырғызстан (8,2%)** және **Өзбекстанға (5,5%)** экспортталды.

Резеңке және пластмасса тауарлар импорты 2023 ж. қаңтар-қыркүйекте **1 876,6 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **27,2%** артық.

Резеңке және пластмасса тауарлар импортының негізгі көлемі **Қытай (28,8%)**, **Ресей (28,3%)**, **Германиядан (4,6%)** келді.

Резеңке және пластмасса бұйымдар нарығы 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте **2 325,2 млн АҚШ долл.** құрады (**1053,1 млрд теңге**), бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **16,8%** артық.

Өндірістің өсуіне (+12,1%) қарамастан ОТӨ үлесі 7 п.п. төмендеді және 19% құрады, бұл, біріншіден импорттың өсуіне (+27,2%) байланысты. Импорт өнім үлесі **81%** құрады.

Резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісінің ең жоғары көлемі 2023 ж. қаңтар-қазанда төмендегі өңірлерде байқалады: Алматы обл. (22,2%), Астана қ. (19%), Алматы қ. (11,6%), Қарағанды обл. (8%), Шымкент қ. (5,8%).